

Қазақстан Республикасының Үкіметі  
(Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі)Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2019 жылғы 3  
шілдедегі № 467 қаулысыПравительство Республики Казахстан  
(Премьер-Министр РК)

**«Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы»  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы  
№ 689 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 689 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 53, 343-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесі:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні – 15 ақпан»;

мынадай мазмұндағы 26-1-тармақпен толықтырылсын:

«26-1. Семей ядролық сынақ полигонының жабылған күні – 29 тамыз»;

мынадай мазмұндағы 34-1-тармақпен толықтырылсын:

«34-1. Қарттар күні – 1 қазан»;

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының****А. Мамин**

---

## Премьер-Министрі